АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ

2018 ж. 2 мамыр
Алматы қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 2/177
город Алматы

Алматы қаласында мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары сараптамасының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» және 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңдарына сәйкес, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары шеңберінде жекеше әріптесті айқындау жөніндегі тікелей келіссөздер кезінде жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына бизнес-жоспарларға, жергілікті мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының конкурстық құжаттамасына сараптама жүргізу бойынша ұйым болып «Алматы қаласын дамыту орталығы» акционерлік қоғамы белгіленсін.

2. Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласын дамыту орталығы» акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 4/668 қаулысының 1 тармағының 1) тармақшасы алынып тасталсын.

3. Алматы қаласы Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә. Жүнісоваға жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі **Б. Байбек**

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ ГОРОДА АЛМАТЫ

ҚАУЛЫ

2 мая 2018 г.
Алматы қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 2/177
город Алматы

О некоторых вопросах экспертизы проектов государственно-частного партнерства в городе Алматы

В соответствии с Бюджетным Кодексом Республики Казахстан, законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 31 октября 2015 года «О государственно-частном партнерстве» и от 4 декабря 2015 года «О государственных закупках», акимат города Алматы **ПОСТАНОВЛЯЕТ**:

1. Определить акционерное общество «Центр развития города Алматы» организацией по проведению экспертизы бизнес-планов к местным проектам государственно-частного партнерства при прямых переговорах по определению частного партнера, конкурсной документации местных проектов государственно-частного партнерства в рамках местных проектов государственно-частного партнерства.

2. В постановлении акимата города Алматы от 25 декабря 2015 года №4/668 «О некоторых вопросах акционерного общества «Центр развития города Алматы» подпункт 1) пункта 1 исключить.

3. Управлению экономики и бюджетного планирования города Алматы принять меры, вытекающие из настоящего постановления.

4. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Алматы А. Жунусову.

Аким города Алматы **Б. Байбек**